

А.М. Мухтарханова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: ainagul_mukhtark@mail.ru)

Жоғары оқу орындарында ағылшын тілін онлайн оқытудың артықшылықтары мен шешілмеген мәселелері

Аңдатпа. Онлайн оқыту, қашықтықтан оқыту - бүгінгі күнгі жалпы оқыту мен білім берудің аса маңызды инновациялық, технологиялық, мотивациялық құралдарының бірі. Сонымен қатар, онлайн оқыту, бүкіл әлемде коронавирустық пандемияның (COVID-19) пайда болуына байланысты әлдеқайда танымал және ең тиімді оқыту тетігіне айналып отыр. Дегенмен, әлемде оның негізгі аспектілері мен мүмкіндіктері жоғары деңгейде дамып, зерттелгенімен елімізде оның кейбір игерілмеген мәселелері мен қиындықтары бар екендігін ескерген жөн. Ұсынылап отырған мақалада онлайн оқыту ұғымына отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып жан-жақты талдау жасалып, оның жағымды, жағымсыз ерекшеліктері зерттеледі. Мақала онлайн режимінде оқытудың тиімді тәсілдері арқылы ұтымды шешімдерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін сауалнамалар мен сұрақ-жауаптарға сілтеме жасай отырып, кейбір кездесетін қарама-қайшылықтарды анықтайды. Сауалнамалар мен сұрақ-жауаптар білім алушылармен қатар, оқытушылар арасында да өткізіліп, онлайн оқыту тәжірибесі, оның қиындықтары мен артықшылықтары туралы және онлайн оқыту мен дәстүрлі оқытуды салыстырып, ақпарат алынады. Зерттеу соңында онлайн оқытуды жетілдіріп, сапасын арттыру мен болашақтағы зерттеулер үшін бірнеше мәселелер ұсынылады.

Түйін сөздер: онлайн оқыту, пандемия, жағымды, жағымсыз ерекшеліктер, тиімді тәсілдер.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2021-137-4-244-253>

Кіріспе

Ағымдағы жылдың басында бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы (БДДҰ) коронавирусты (COVID-19) ғаламдық пандемия деп және оның өршуіне байланысты халықаралық төтенше жағдай жариялағаны белгілі (БДДҰ) [1]. Бұл төтенше жағдай азаматтардың қалыпты өмір сүру салтын өзгертіп, білім беру жүйесінде де айтарлықтай өзгерістердің орын алуына себепші болды. Атап айтсақ, коронавирустың таралуын болдырмау мақсатында 2020

жылдың 16 наурызынан бастап Қазақстандағы (әлемдегі) барлық университеттер мен колледждер, мектептер онлайн режимінде оқытыла бастады. Пандемия басталғалы дәстүрлі оқудан жедел онлайн оқытуға көшу барысы жайлы көптеген мақалалар жарық көріп те үлгерді [2], [3].

Еліміздегі беделді оқу орындарының бірі Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті алғашқылардың бірі болып қашықтықтан оқыту процесін жедел ұйымдастырды. Университет үшін ең бастысы

қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша білім беру процесінің жоғары сапасын қамтамасыз ету және студенттерге бағытталған оқыту идеясын жүзеге асыру болды. Онлайн сабақтар Microsoft Teams, ZOOM және Moodle, Webex, Google Classroom және басқа да платформалар арқылы жүргізілді. Күн сайын факультеттерде онлайн сабақтардың сапасын арттыру мақсатында университет қызметкерлеріне арналған вебинарлар мен семинарлар, онлайн-платформаларда оқу процесін қалай жүзеге асырып, сабақты ұйымдастырудың алуан түрлі технологияларымен таныстыруға бағытталған бейне дәрістер өткізілді. Нәтижесінде оқытушылар және оқушылар, студенттер мен магистранттар онлайн сабақ жүргізу және онлайн білім алу тәжірибесін көріп, оқу жылын сәтті аяқтап, онлайн сабақ өткізу сынағының бір белесінен өтті. Онлайн сабақ өту үдерісі «мәжбүрлі» түрде, жедел басталып кеткенімен, еліміздегі білім жүйесіне жаңаша леппен бірге, жаңа жоспар, жаңа әдістеме, жаңа ұйымдастыру, жаңа онлайн білім, жаңа технологияны игеру, жаңа тақырыптар сияқты тың, инновациялық ізденістермен келді.

Мақаланың мақсаты. Оқытушылар мен оқушылардың, ғалымдар мен зерттеушілердің алдында жаңа көкжиек ашылды. Сондықтан, мақалада алдымен, онлайн оқу ұғымына қысқаша тоқталып, ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтап, одан соң еліміздегі шынайы онлайн оқыту жағдаятында кездескен ерекшеліктерді сауалнама мен сұрақ-жауап арқылы айқындауға қадам жасалды. Талдау соңында онлайн оқытуды жетілдіріп, сапасын арттыру және болашақтағы зерттеулер үшін бірнеше мәселелер ұсынылды.

Зерттеудің методологиясы мен әдістері

Зерттеу тақырыбы бойынша педагогикалық, ғылыми әдебиеттерді теориялық және әдіснамалық талдау жасалды.

Әдеби шолу

Онлайн оқыту технологиясы мен әдістемесі дәстүрлі бетпе-бет, сыныпта оқыту ерек-

шеліктері сияқты әр түрлі. Онлайн режимінде оқытудың бірден-бір ерекшелігі, мұнда бүкіл оқыту процесі интернетке негізделгендіктен оқытушы мен білім алушының дәстүрлі сыныптағы қарым-қатынасын онлайн, яғни интернет пен техникалық құралдар (компьютер, ноутбук, телефон) және түрлі платформалар алмастырады. Мұнда студент өздігінен оқиды, онлайн немесе офлайн сабақтарға қатысады және университеттің академиялық күнтізбесіне сәйкес барлық өзіндік және практикалық жұмыстарды, тестілерді, жазбаша тапсырмаларды тапсырады [4]. Онлайн оқытуда оқытушылар мен студенттер интернет арқылы ортақ мазмұнды белсенді қолдана алады. Бұл оқу процесінің уақытқа немесе орынға (бөлмеге) тәуелділігін жояды [5].

М.Н. Самеков онлайн оқытуды ұйымдастырудың 3 түрін атаған: онлайн (синхроды) және офлайн (асинхронды) және үшінші кең таралған вебинар түрі. Онлайн режимінде оқыту – интернет-ресурстардың көмегімен оқытуды ұйымдастырудың бір түрі. Оффлайн оқыту - интернет-ресурстар (электронды пошта) арқылы оқытушы мен студент арасында ақпарат алмасуға мүмкіндік беретін оқыту түрі. Вебинар – интернет арқылы семинарлар мен тренингтер өткізу формасы [6]. Онлайн режимінде оқыту оқытушы мен студенттің өзара қарым-қатынасын жеңілдетеді, сонымен қатар оқу материалдарына қол жетімділікті қамтамасыз етеді. Онлайн оқыту дегеніміз – қашықтықтан оқыту формасы, онда барлық оқыту және бағалау онлайн, интернет арқылы жүзеге асырылады [7].

Елімізде онлайн оқыту бағдарламаларының танымалдылығы артқан сайын, онлайн оқыту мен әдістері, онлайн платформаларды зерттеуге деген қызығушылық арта түсуде. Бірақ аталған тақырыпқа қатысты түбегейлі, жан-жақты зерттеулерді шетелдік ғалымдардың еңбектерінен табуға болады. Олар онлайн оқытудың алуан түрлі саласын зерттеген және қамтыған. Атап айтсақ, бір ғалымдар «онлайн оқыту тәжірибесі оқытушылардың ойлауына, сабақты жоспарлауына және оқыту практикасына әсер етеді» десе, кейбір зерттеулерде «онлайн сабақ мазмұнын жобалауға жүйелі

көзқарас» пен «онлайн курсты бағалау мен саралау» анықталған, енді бір зерттеушілер «онлайн курстарға қатысудың қажеттілігін» ұсынған, «жоғары оқу орындарындағы онлайн-оқытушылардың тәжірибесін», «онлайн-курстардың артықшылықтары, ықтимал мәселелері мен кемшіліктерін» т.б. мәселелерді қарастырған [8], [9], [10], [11], [12].

Онлайн оқыту оқытушылар мен студенттерге кез-келген уақытта, кез-келген жерде жаңаша білім беру мен білім алуға мүмкіндік береді. Аудиториялық сабақтан виртуалды әлемге көшу ойлау мен оқытудың жаңа тәсілдерін қажет етеді, сондықтан онлайн оқытуды тиімді ұйымдастыру үшін отандық оқытушылардың алдында көптеген ізденістер, зерттеулер мен әдіснамалық жұмыстар тұр. Оған үлес ретінде, ұсынылып отырған зерттеу жұмысында онлайн оқытудың артықшылықтары мен зерттеуді қажет ететін кемшіліктерін талдап, талқыға салуды жөн көрдік.

Шетелдік ғалымдардың пікірінше, онлайн оқытудың артықшылықтарының бірі – онлайн курстар «өзін-өзі басқарып, оқуды» қалайтын студенттерге ыңғайлы деп табылған [13].

Матуга «өзін-өзі басқарып, оқытуды» оқушылардың өз іс-әрекетін жоспарлау, бақылау және бағалау қабілеті ретінде анықтайды. Бірақ автор «өзін-өзі басқарып, оқу» жеткіліксіз деп санайды. Оқушы өзін-өзі басқарып, оқудың ажырамас факторы – мотивация деп есептейді. Онлайн оқудың нәтижелі болуы үшін мотивацияның рөлі зор. Мотивация «өзін-өзі реттеу стратегиясын» пайдаланудың негізгі құралы болып табылады [14]. Демек, өзін-өзі басқарып, жұмысын тиімді ұйымдастыра алмайтын студенттер «академиялық прокрастинацияны» көрсетіп, өздерінің академиялық мақсаттарына жете алмауы мүмкін [13]. Оқытушы оқу материалдарының әр түрлі оқыту стиліне қарай көптеген форматтарда ұсына алады. Мысалы, оқытушы оқу материалдарын тапсырма түрінде де, слайд түрінде де ғаламторға орналастырса, материалды тыңдап түсінетін де немесе визуалды қабылдайтын студент те ұтады. Өйткені кей-

бір студент материалды «тыңдап» қабылдауға бейім болса, енді бір студент «көріп» отырып, тезірек түсінеді. Студент материалды бірнеше қайталап қарастыруға мүмкіндік алады [15].

Widana Wargadinata және басқа ғалымдар «онлайн оқыту дегеніміз - дәстүрлі оқыту (аудиториялық) мен интернеттегі ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың негізінде оқытудың ең жақсы қасиеттерін біріктіретін оқыту түрі» деп көрсеткен [16]. Абдалкадирдың айтуынша, онлайн-сабақтар мұғалім мен оқушы арасында жеке қарым-қатынастың орнауына мүмкіндік береді, өйткені аудиториядағы сабақта мұғалім назарын отыз оқушыға аударуға мәжбүр болады [17]. Онлайн оқытудың ең ұтымды мүмкіндігі қолайлылық, қол жетімділік және жаттығуға кез-келген уақытта қол жеткізе алатындығы, сонымен қатар интернет арқылы кез-келген ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік береді [18]. Ал Садеки онлайн оқытудың келесі кемшіліктерін жіктейді: алаңдаушылықтың жоғары мүмкіндігі, күрделі технология, әлеуметтік қарым-қатынас жоқ, оқытушылармен тұрақты бетпе-бет байланыста болмайды. Алаңдаудың жоғары мүмкіндігі, егер студент қандай да бір қолдау мен түсіндіруді қажет етсе, қашықтықтан оқыту жақсы идея емес. Қашықтықтан оқыту оқушылардың жоғары ынталы және өзін-өзі жоғары дәрежеде ұйымдастыра білу қабілеттерін талап етеді. Күрделі технологияға келетін болсақ, онлайн оқыту кезінде оқытушы мен студент толықтай бірқатар технологияларға, соның ішінде компьютерге, тұрақты интернетке, веб-камераға және әртүрлі платформаларға тәуелді болатындығы жасырын емес [19]. Онлайн оқу барысында білім алушы әрқашан оқшау, жеке оқитын болады, бетпе-бет шынайы кездесу болмағандықтан, бұл «көптеген қиындықтар мен күйзелістерді» тудырады [20]. Білім алушылар онлайн оқу кезінде мұғалімдермен шынайы байланыс орната алмайды. Студенттер кез-келген мәселелер бойынша электронды поштаға хат жібере алады, бірақ мұндай қарым-қатынас мұғалімдермен бетпе-бет сөйлесуді алмастыра алмайды.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Ғалымдардың еңбектерін саралай келе, біздің елімізде онлайн оқытудың басқа қандай артықшылықтары мен кемшіліктері бар деген сұрақ туындады. Ол үшін, оқытушылар мен студенттер арасында сауалнама мен сұрақ-жауап өткізілді.

Сауалнама Survey monkey сайтында (<https://ru.surveymonkey.com/dashboard/>) жүргізілді.

Сауалнамаға барлығы 40 студент және 10 мұғалім қатысты. Карантиндік жағдайға байланысты білім алушылар «Ағылшын тілі» пәнінен онлайн сабақ өтіп, онлайн режимінде емтихан тапсырды. Сауалнаманың мақсаты, мұғалімдердің онлайн сабақтарын өткізудегі пайдасы мен қиындықтарын анықтау, сонымен қатар олардың ұсыныстарын және студенттердің онлайн оқу туралы жағымды, жағымсыз көзқарастарын айқындау болды.

Кесте 1 – Сауалнама сұрақтары мен жауаптары

Р№	Сұрақтар	Жауаптар	%
1	Сізге онлайн оқыту ұнайды ма?	a) Шынымен ұнайды	70
		b) Ұнамады	12.50
		c) Екі ойлымын, нақты айта алмай тұрмын	15
		d) Білмеймін	2.50
2	Онлайн оқыту аудиториялық оқумен салыстырғанда қаншалықты тиімді?	a) Мен үшін онлайн сабақ өту нәтижелі болды	25 (10)
		b) Аудиториялық сабақтар әлдеқайда тиімді	32.5 (13)
		c) Бірдей тиімді	37.50 (15)
		d) Басқа пікірлерім бар	5 (2)
3	Аудиториялық сабақпен салыстырғанда онлайн оқытудың сапасын қалай бағалайсыз?	a) Сабақтың сапасы әлдеқайда артты	50 (20)
		b) Сабақтың сапасы әлдеқайда кеміді	22.50 (9)
		c) Оқытушыдан мүлде көмек жоқ	5 (2)
		d) Басқа пікірлерім бар	22.50 (9)
4	Онлайн оқудың артықшылықтары болса, атаңыз	a) Үйдемін, ешқайда шығудың қажеті жоқ	40 (16)
		b) Уақытымды үнемдеймін	57.50 (23)
		c) Басқа пікірлерім бар	2,5 (1)
5	Онлайн оқу кемшіліктері бар ма, болса атаңыз	a) Өздігімнен оқуға ерік-жігерім жетіспейді, маған мұғалімнің қатаң бақылауы керек	22.50 (9)
		b) Барлық тапсырманы ғаламтордан көшіремін	10 (4)
		c) Басқа пікірлерім бар	67.50 (27)
6	Тапсырманы өзіңіз орын-дайсыз ба?	a) Ия тапсырманың барлығын өз күшіммен орындаймын	90 (36)
		b) Жоқ, дайын жасалған материалдарды тауып аламын	0
		c) Басқа пікірлерім бар	10 (4)
7	Шетел тілі сабағына қатысты пікірлеріңіз	a) Шынымен білімімді жақсарттым	87.50 (35)
		b) Ештеңе түсінбедім	0
		c) Оқытушы тым қатал	7.5 (13)
		d) Оқытушы күзиретті емес	0
		e) Басқа пікірлерім бар	5 (2)

Алдымен студенттерге бірнеше сұрақтарға жауап беру ұсынылды. Сауалнаманың нәтижелері келесі кестеде келтірілген (1-кесте).

Студенттердің онлайн сабақтардан алған жалпы әсерлерін білу үшін «Сізге онлайн оқыту ұнайды ма?» деген сұрақ қойдық. Студенттердің 70% оң жауап берді. Келесі «Онлайн оқыту аудиториялық оқумен салыстырғанда қаншалықты тиімді?» деген сұраққа жауап берушілердің 25 %-ы мен үшін онлайн сабақ өту нәтижелі болды десе, 32,5%-ы аудиториялық сабақтарды тиімді деп таңдаған, 37,5% онлайн сабақтар мен сыныптық сабақтар бірдей тиімді деп жауап берген. Жауаптарды талдай отырып, біз дәстүрлі сабақтардың жақтаушылары бар екенін байқаймыз, сонымен бірге онлайн режимінде оқуды да жөн көретіндер бар. Респонденттердің «Аудиториялық сабақпен салыстырғанда онлайн оқытудың сапасын қалай бағалайсыз?» деген сұраққа жауаптары әр түрлі болды. Білім алушылардың 50%-ы сабақтың сапасы артты десе, 22,5% керісінше сапасы нашарлады деген. Сонымен қатар, студенттердің 22,5%-ы басқа жауап ретінде «Мен материалды өзім іздеп, түсінуім керек болды», «Мен материалды мүлде түсінбедім, тапсырмалардың жауабын өзімнің топтастарымнан сұрадым», «Айта алмаймын», «Бізде онлайн режимінде оқыту тәжірибесі жоқ», «Мен онлайн оқу барысында дем аламын деп ойлаған едім, бірақ олай болмады», «Онлайн режимінде оқыту маған өзімді еркін және тәуелсіз сезінуге көмектесті» т.б. жауаптар берген.

Студенттер интернет арқылы оқудың артықшылықтары ретінде: ешқайда барудың қажеті жоқ, уақытты үнемдеймін, онлайн оқу ыңғайлы және өзімді-өзім тәртіпке үйреттім сабақты бұрынғыдан жақсы оқитын болдым, ізденетін болдым деп көрсеткен. Алайда, студенттердің жауаптарына сүйенсек, онлайн оқудың біраз қиындықтары мен кемшіліктері анықталды. «Менің сабақты өздігімнен оқуға ерік-жігерім жетіспейді, маған мұғалімнің қатаң бақылауы керек», «Мен тапсырмаларды ғаламтордан жүктедім, бірақ мұғалім оны плагиат деп тапты», «Интернет байланысы нашар болғандықтан, менде біраз қиындықтар

болды», «Уақыт шектеулі», «Мен мұғалімге өз пікірімді дәлелдей алмаймын және өз бағамды көтере алмадым», «Онлайн оқуға жеке бөлме керек екен», «Сабақ уақытында кішкентай бауырларым кедергі жасады», «Интернет ұстамай, машинада отырып, сабақты жауап беруге тырыстым», «Аудиториядағы сабақтай емес, меніңше барлығы жасанды, жылдам өтетін сияқты», «Онлайн оқу дәстүрлі оқуға жетпейді, өйткені оқытушыға шынайы білімді көрсете алмайсың» т.б. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқан студенттер жалпы мұғалімнің қаталдығын немесе тым жұмсақтығын, бағалаудағы объективтіліктерін, берілген тапсырмалардың тым көп немесе аз екендіктерін де кемшілік ретінде атаған. Бірақ респонденттердің 87,50%-ы онлайн білім алу кезінде өздерінің білімдерін жетілдіргендерін бірауыздан жеткізген. Қорыта келгенде, білім алушылардың жауаптарын байқасақ, олар онлайн оқытудың көптеген шешілмеген мәселелерінен хабар береді, жаңа зерттеу тақырыптарына жол сілтейді. Мысалы, білім алушылардың бір-екі жауаптарын талдасақ, оның артында бірнеше мәселені байқауға болады: «Менің сабақты өздігімнен оқуға ерік-жігерім жетіспейді, маған мұғалімнің қатаң бақылауы керек». Еліміздегі оқыту жүйесі бойынша, бала мұғалім мен ата-ананың қатаң бақылауында сабақ оқып бейімделген, өздігінен оқу, оқымау, қызығу, қызықпау дағдылары қалыптаспағанның нәтижесі болуы әбден мүмкін. Немесе «Мен тапсырмаларды ғаламтордан жүктедім, бірақ мұғалім оны плагиат деп тапты». Жалпы басқаның еңбегін көшіру біріншіден аса мәдениетсіздік, екіншіден академиялық қылмыс екендігіне, жалпы білім жүйесінде көп мән берілмейді. Себебі, ондай әрекет үшін елімізде қалыптасқан қатаң тәртіп, ереже жоқ.

Келесі 10 оқытушыдан онлайн режиміндегі оқыту тәжірибесі, қиындықтары мен артықшылықтары туралы қысқаша түсінік беру ұсынылды. Мақсат оқытушы тарапынан жауап алу болды. Сұрақ-жауапқа қатысқан мұғалімдердің жауаптарын қорытындылай келе, біз келесідей ақпарат алдық: «Онлайн сабақтарға дайындалуға бұрынғыдан екі-үш

есе көп уақыт кетті, шаршадым», «Мен күні бойы желіде болдым», «Менде ешқандай проблема болған жоқ, бәрі оңай болды», «Студентке жақсы баға қойсаңыз болды, ешқандай қиындық болмайды», «Керісінше мен демалдым», «Мен көптеген жаңа технологияларды игердім; жаңа платформаларда жұмыс істеуді үйрендім», «Мен әкімшілік ұйымдастырған көптеген семинарларға қатыстым және онлайн оқытудың әртүрлі тәсілдерін үйрендім», «Бас ғимараттың есептері бітпейді», «Менде бәрі ойдағыдай», «Студенттердің үлгерімін бағалауда қиындықтар болды», «Дәстүрлі аудиториядағы сабаққа жетпейді» т.б.

1-оқытушы: Маған онлайн сабақ өткізу ұнады. Біріншіден, бұл маған уақытты үнемдеуге және ешқайда бармай жоспарлауға көмектесті. Мен студенттерге Whats-app арқылы нұсқаулық ұйымдастырып, кестеге сәйкес онлайн сабақтар өткіздім. Екіншіден, мен Microsoft Teams, ZOOM және Moodle, Webex, Google Classroom, Calameo, Edpuzzle, You Tube және басқа көптеген онлайн платформаларда сабақ беруді үйрендім, көптеген жаңа технологияларды игердім. Сабақтар бұрынғыға қарағанда әлдеқайда жаңаша және қызықты өтті деп ойлаймын. Мен студенттің жауаптарын нақты бағалау үшін онлайн ауызша тыңдадым, ал олар өздік жұмыс тапсырмаларды жазбаша түрде тапсырды.

2-оқытушы: Менде қиын болды. Онлайн сабақтарға арналған бір немесе екі платформада жұмыс істеуді үйрендім. Негізі аудиториялық сабақ дұрыс деп ойлаймын. Тіпті үлгерімі төмен оқушылар да жазбаша жауаптары үшін жақсы баға ала бастады. Өйткені тапсырмаларды бірінен-бірі көшіреді немесе ғаламтордан дайын жауап табады. Көшірмес үшін, білемін, мен түрлі тапсырмалар жасап, құрастыруым керек. Оған уақыт тығыз.

3-оқытушы: Онлайн сабақтарға шектеулі уақыт бар, студенттер жауап бергенде түрлі әдістермен (әрине, барлығы емес!) материалды оқып отырады, интернеттен жүктеп алады, сондықтан бағалау қиындық тудырды. Дәстүрлі сабақтан көптеген айырмашылықтар бар. Онлайн сабақтарды қайтадан жоспарлауға тура келді.

4-оқытушы: Сабақты онлайн өткізу барысында, менде мынадай ой туды. Материалдың барлығын студент интернет желісінен өзі тауып алуына мүмкіндік бар, түсінбеген жерлерді тағы да ғаламтордан тауып алуға болады. Нәтижесінде болашақты оқытушының рөлі қандай болмақ? Бәлкім оқытушы керек болмай қалар, әлде оқытушының қызметі тек қана бағалаушы немесе бақылаушы ретінде шектеліп қалар...

Оқытушылармен өткізілген сұрақ-жауаптан да бірнеше тың ой-пікірлер, әлі де нақты жауабы табылмаған сұрақтар туындады. Сонымен қатар, онлайн оқытуда студент үшін де, оқытушы үшін де кедергілер болғандығымен қатар, артықшылықтары да болып, оқытудың жаппай жаңа мәдениетінің басталғандығынан хабар береді.

Ұсыныстар

Зерттеу барысында алынған нәтижелер жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде онлайн оқытуды жақсарту үшін төмендегідей мәселелерді шешіп, зерттеу қажет деп ойлаймыз және төмендегідей ұсыныстарды беруге мүмкіндік жасайды.

- 1) Онлайн оқыту тұжырымдамасын жасау;
- 2) Онлайн оқыту барысында бағалаудың нақты өлшемдерін айқындау;
- 3) Онлайн оқыту барысындағы оқытушының академиялық мәдениеті (тұжырымдамасын ұсыну);
- 4) Онлайн оқыту барысындағы студенттің академиялық мәдениеті (тұжырымдамасын ұсыну);
- 5) Онлайн оқытудағы мұғалімнің рөлін айқындау.

Қорытынды

Қорытындылай келе, онлайн оқыту елімізде «жедел, мәжбүрлі» түрде басталса да, оқытушылар мен студенттер үшін жаңа перспективаларға, жаңа мүмкіндіктерге, оқытудың инновациялық технологияларына, өзін-өзі жетілдіруге, жаңаша білім алуға және сайып келгенде, шешілмеген міндеттерді зерттеуге

қуатты ынталандыру болды. Онлайн оқытудың нәтижесінде студенттер өзін-өзі ұйымдастыру, тәуелсіз зерттеу және оқып-іздену дағдыларын қалыптастыруға немесе арттыруға мүмкіндік алды, бастысы академиялық еркіндік алды. Сонымен, зерттеу нәтижесінде онлайн оқытудың жағымды ерекшеліктері ретінде төмендегідей мәселелерді айтуға болады:

Онлайн оқу оқытушылар мен білім алушылардың жаңаша әлеуетін ашуға мүмкіндік берді;

Сабақтарды дәстүрлі емес, түрлі технологиялар мен платформаларда инновациялық әдістермен өткізуге тамаша мүмкіндік пайда болды;

Студент үшін де, оқытушы үшін де уақыт үнемделді (жұмысқа барып, келу т.б.);

Студент өзін-өзі ұйымдастырып, ізденіп, зерттеуге машықтанды;

Оқытушы онлайн сабақты басқаша жоспарлап, жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізді т.б.

Онлайн оқытудың кемшіліктері:

Кейбір білім алушылар өздігінен дайындалып, ізденуге машықтанбағандықтан онлайн сабақ оқу қиындық тудырған;

Онлайн оқыту барысында қимыл аз, күні бойы отырып жұмыс істеу денсаулыққа зиян; Шынайы қарым-қатынас аз т.б.

Онлайн сабақ жөнінде сауалнамалар мен сұрақ-жауаптардың нәтижесін талдап, қорытындылай келе, оның артықшылықтары мен кемшіліктері бар екенін көре отырып, жалпы талқылауға тұрарлық, болашағы бар әрекет екендігіне көз жеткіздік. Онлайн сабақ өткізу елімізде жаппай жүзеге асты, нәтижелі, сәтті болды. Ендігі тапсырма, онлайн сабақ өткізуді жетілдіру, ұштау, сапасын жақсарту. Ал онлайн сабақ нәтижелі, жемісті болуы үшін оқытушының нақты жоспары мен әдістемесі және кәсіби құзіреттілігімен қатар, Матуга атап өткендей баланың «өзін-өзі басқарып, өздігінен ізденіп оқу» [14] алатындай, өз іс-әрекеттерін жоспарлап, бағалай алатын дағдыларын бала жастан қалыптастыру қажет. Әрине, оқытушы тарапынан білім алушының пәнге қызығушылығы мен мотивациясын арттыратын шеберлік қажет.

Ұсынылған зерттеу тек бір пәннің аясында, шектеулі студенттер мен оқытушылар арасында ғана өткізілді. Онлайн оқыту туралы кеңейтілген мәліметтер болашақ зерттеулерде келтірілуі мүмкін.

Әдебиеттер тізімі

1. Коронавирусқа орай төтенше жағдай жарияланды [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: <https://goo.su/9tUF> (қаралған күні: 15.01.2021).
2. Lokanath M., Tushar G., Abha Sh. Online teaching-learning in higher education during lockdown period of COVID-19 pandemic [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: <https://goo.su/HhG> (қаралған күні: 20.01.2021).
3. Мухтарханова А.М. Жоғары оқу орындарында ағылшын тілін онлайн оқытуда қолданылатын бағдарламалардың ерекшеліктері. - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. - Алматы, 2021. - №2 (67). - 148-155 б.
4. Қашқынбай Б.Б. Қашықтықтан оқыту - жаңа мүмкіндіктер уақыты [Элек-трон. ресурс]. – 2021. – URL: <https://www.enu.kz/info/zhanalyktar/60338/> (қаралған күні: 20.01.2021)
5. Білім беру ұйымдарында электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Қараева Ж.А., Мұхамбетжанова С.Т. - Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.
6. Самеков М.Н. Оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа формасының бірі – қашықтықтан оқыту технологиясы. Біліктілікті арттыру жүйесіндегі смарт-технологиялар: халықаралық тәжірибе және отандық практика // Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. - Орал, 2016 – 138-143 б.
7. Bakia M., Shear L., Toyama Y., Lasseter A. Understanding the Implications of Online Learning for Educational Productivity. - U.S. Department of Education Office of Educational Technology. - 2012. - p. 21.

8. Martin F., Ritzhaupt A. Award-winning faculty online teaching practices: Course design, assessment and evaluation, and facilitation // *The Internet and Higher Education*. - 2019. - №42 (1). - P. 34-43.
9. Yang J.C., Quadir B. etc. Effects of online presence on learning performance in a blog-based online course // *The Internet and Higher Education*. - 2016. - №30 (3). - P. 11-20.
10. Jennie C. Online Teaching Experience: A Qualitative Metasynthesis//*MERLOT Journal of Online Learning and Teaching*. - 2009. - №5 (4). - P. 577-589.
11. Conceição S. Faculty lived experiences in the online environment//*Adult Education Quarterly*. - 2006. - №57(1). - P.26-45.
12. Brittany G. Online Learning Revealing the Benefits and Challenges: Thesis, School of Education St. John Fisher College. - 2015. - P. 5.
13. You J. W., Kang M. The role of academic emotions in the relationship between perceived academic control and self-regulated learning in online learning//*Computers and Education*. - 2014. - №77 (5). - P.125-133.
14. Matuga J. M. Self-regulation, goal orientation, and academic achievement of secondary students in online university courses//*Journal of Educational Technology and Society*. - 2009. - №12 (3). - P.7.
15. Tuan N. The Effectiveness of Online Learning: Beyond No Significant Difference and Future Horizons//*MERLOT Journal of Online Learning and Teaching*. - 2015. - №11 (2). - P. 309-319.
16. Wargadinata W., Maimunah I., Dewi E., Rofiq Z., Student's Responses on Learning in the Early COVID-19//*Pandemic Tadris: Journal Keguruan dan Ilmu Tarbiyah*. 2020. - №5 (1). - P.141-153.
17. Abdalqadir P.S. Development of a mobile application to teach English: Thesis for Master of Science. - Nicisia, 2017. - P.18-65.
18. James G. Advantages and disadvantages of online learning [Электрон. ресурс]. – 2002. – URL: <http://www.leerbeleving.nl/wbts/1/addis.pdf> (қаралған күні: 17.10.2021.)
19. Sadeghi M. A shift from Classroom to Distance Learning: Advantages and Limitations//*International Journal of Research in English Education*. - 2019. - № 4(1). - P. 81-88.
20. Hara, N., Kling, R. Student distress in a web-based distance education course//*Information, Communication and Society*. -2000. - № 3(4). - P. 557-579.

References

1. Koronaviryska orai totenshe jagdai jarialandy[A state of emergency has been declared due to the coronavirus] [Electronic resource] - 2020. - Available at: <https://goo.su/9tUF> (Accessed: 15.01.2021).
2. Lokanath M., Tushar G., Abha Sh. Online teaching-learning in higher education during lockdown period of COVID-19 pandemic [Electronic resource]. – 2020. – Available at: <https://goo.su/HhG> (Accessed: 20.01.2021).
3. Muhtarhanova A.M. Jogary oku oryndarynda agylshyn tilin onlain okytuda koldanylatyn bagdarlamalaryn ereksheilikteri [Features of programs used in online teaching of English in higher education], *Al-Farabi atyndagy Kazak ulttyk universitetinin habarshysy* [Bulletin of Al-Farabi KNU], 2 (67), 148-155(2021).
4. Kashkynbai B.B. Kashykyktan okytu - jana mumkindikter uakyty [Distance learning is a time of new opportunities] [Electronic resource] - 2021. - Available at: <https://www.enu.kz/info/zhanalyktar/60338/> (Accessed: 20.01.2021).
5. Ahmetova G.K., Karaev J.A., Muhambetjanova S.T. Bilim beru uymdaryna elektrondyk okytu juiesin engizu jagdaynda pedagogtardyn biliktigin arttyrudy uymdastyru adistemesi [Methods of organizing professional development of teachers in the context of the introduction of e-learning in educational institutions] (Orleu, Almaty, 2013).
6. Samekov M.N. Oku uderisin uymdastyrudyn jana formasynyn biri – kashykyktan okytu tehnologuasy [One of the new forms of educational process organization is the technology of distance learning], *Biliktilikti arttyru juiesindegi Smart-tehnologualar: respublikalyk gylymy-tajirbelik konferentsiyanyn materialdary* [Smart technologies in the system of advanced training: materials of the Republican scientific-practical conference] (Oral, 2016, p. 138-143).
7. Bakia M., Shear L., Toyama Y., Lasseter A. Understanding the Implications of Online Learning for Educational Productivity, U.S. Department of Education Office of Educational Technology, 21, (2012).
8. Martin F., Ritzhaupt A. Award-winning faculty online teaching practices: Course design, assessment and evaluation, *The Internet and Higher Education*, 42, 34-43, (2019).

9. Yang J.C., Quadir B. etc. Effects of online presence on learning performance in a blog-based online course, *The Internet and Higher Education*, 30,11-20 (2016).
10. Jennie C. Online Teaching Experience: A Qualitative Metasynthesis, *MERLOT Journal of Online Learning and Teaching*, 5, 577-589 (2009).
11. Conceição S. Faculty lived experiences in the online environment, *Adult Education Quarterly*, 57, 26-45 (2006).
12. Brittany G. Online Learning Revealing the Benefits and Challenges, *School of Education St. John Fisher College* (Thesis, 2015, p.5).
13. You J. W., Kang M. The role of academic emotions in the relationship between perceived academic control and self-regulated learning in online learning, *Computers and Education*, 77, 125-133 (2014).
14. Matuga J. M. Self-regulation, goal orientation, and academic achievement of secondary students in online university courses, *Journal of Educational Technology and Society*, 12 (3),7 (2009).
15. Tuan N. The Effectiveness of Online Learning: Beyond No Significant Difference and Future Horizons, *MERLOT Journal of Online Learning and Teaching*, 11(2), 309-319 (2015).
16. Wargadinata W., Maimunah I., Dewi E., Rofiq Z., Student's Responses on Learning in the Early COVID-19, *Pandemic Tadris: Jurnal Keguruan dan Ilmu Tarbiyah*, 5(1), 141-153 (2020).
17. Abdalqadir P.S. Development of a mobile application to teach English (Thesis for Master of Science, 2017, p. 18-65).
18. James G. Advantages and disadvantages of online learning. Available at: <http://www.leerbeleving.nl/wbts/1/addis.pdf> (Accessed: 17.10.21).
19. Sadeghi M. A shift from Classroom to Distance Learning: Advantages and Limitations, *International Journal of Research in English Education*, 4(1), 81-88 (2019).
20. Hara, N., Kling, R. Student distress in a web-based distance education course, *Information, Communication and Society*, 3(4), 557-579 (2000).

A.M. Mukhtarkhanova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Advantages and some challenges of English language learning online in higher education institutions

Abstract. Online learning or distance learning is one of the significant, innovative, technological, and motivational tools of teaching instruments nowadays. It has become much more popular and effective because of the coronavirus disease pandemic (COVID-19) throughout the world. However, it is important to consider its major aspects and some challenges that might be supposed equally fundamental in purpose. The article provides a comprehensive analysis of the concept of online learning based on the works of domestic and foreign scholars and explores its advantages and some challenges. By examining the features of online learning this article will explore some conflicting moments with reference to surveys and questionnaires to discover the best solutions as the main effective ways of online learning, to learn about the experiences, challenges, and benefits of online learning, and compare online learning with traditional learning. The study concludes with several issues for improving online learning, improving quality, and future research.

Keywords: online learning, pandemic, positive features, challenges, effective approaches.

А.М. Мухтарханова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Преимущества и некоторые проблемы изучения английского языка онлайн в высшем образовании

Аннотация. Онлайн-обучение, дистанционное обучение - один из важнейших инновационных, технологических, мотивационных инструментов современного общего образования и обучения. Кроме того, онлайн-обучение стало более популярным и эффективным видом обучения в связи с возникнове-

нием пандемии коронавируса (COVID-19) во всем мире. Однако, несмотря на то, что его основные аспекты и возможности высоко развиты и изучены в мире, следует иметь в виду, что в нашей стране все еще существуют нерешенные вопросы и проблемы. Предлагаемая статья представляет собой комплексный анализ концепции онлайн-обучения на основе работ отечественных и зарубежных ученых. В статье выявляются некоторые недостатки и преимущества онлайн-обучения на основе анкет и опросов, которые проводились как среди студентов, так и среди преподавателей. Исследование завершается рядом вопросов для улучшения онлайн-обучения, повышения качества и будущих исследований, которые позволяют находить рациональные решения с помощью эффективных методов онлайн-обучения.

Ключевые слова: онлайн-обучение, пандемия, положительные стороны, недостатки, эффективные подходы.

Автор туралы мәлімет:

Мухтарханова А.М. – педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің шетел тілдері кафедрасының доцент қ.а., Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Mukhtarkhanova A.M. – Candidate of Pedagogical Sciences, Acting Associate Professor of Foreign Languages Department, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.